



Аренов Дүйсенбай

1913 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Үштоғай ауылында дүниеге келген. 1939 жылы Торғай АӘК-нан әскер қатарына шақырылып, фин соғысына қатысқан. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Калининград майданында 21-армия қарамағындағы 6-гвардиялық атқыштар полкі құрамында Эстония-Латвия жерлерін жаудан азат ету ұрыстарына қатысады. Осы ұрыста 3 рет жараланып, дала госпиталінде емделіп, қайтадан соғысқа араласқан. Кейін II Украина майданында барлаушылар ротасында әскери міндетін орындап, 1945 жылы елге оралған. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Ұлы Отан соғысы ардагері», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Елге оралғаннан кейін ауданның экономикалық әл-ауқатын көтеруге белсене ат

салысқан. 2002 жылы 14 қарашада қайтыс болған.

